

	зорлықшыл, озбыр кісі
6. Қамшы үйірді	Қорқытты, күш көрсетті
7. Қамшыдай қатты	1. Қамшыдай қатып арықтады, ашықты, жүдеді. 2. Бапталды.
8. Қамшылар жақ	Оң жағы деген мағынада (мініс көліктің сол жағы «мінер жағы», оң жағы – «қамшылар жағы» болады)

Осылайша, қазақ тіліндегі септіктерді өткенде оқушыларға септік туралы мағлұматтарын кеңейте отырып, ұлттық салт-дәстүр туралы мәлімет беруде тапсырмалар жүйесін осылай құрауға болады.

Жалпы білім беретін орта мектепте қазақ тілін оқытудың төмендегідей құндылықтық бағдарларын атап көрсетуге болады:

- Ұлттық тілге құндылық қатынас қалыптастыру арқылы өз ұлтының дәстүрі мен мәдениетін, тілі мен тарихын құрметтейтін тұлға қалыптастыру;
- Тілдің ұлттық құндылық екендігін санасына сіңіру арқылы, ана тілін құрметтеп, оны бағалай білетін, ұлттық тілді сақтауға үлес қоса алатын тіл жанашырын тәрбиелеу;
- Ұл тілінің көркемдігін түсіне білуге, оның мол мүмкіншілігін пайдалана білуге үйрету;
- Оқушылардың бойында ұлттық тілдің бай рухани қазынасы арқылы ұлттық сана, ұлттық намыс қалыптастыру.

Қорыта келгенде, жеке тұлғаның тілге құндылық бағдары ұлттық мәдениеттің құндылықтары туралы білімдерді саналы түрде ұғынып, меңгерумен анықталады, ал бұл процесс адамның санасына, зейініне, сонымен бірге ұлттық тіл және ұлттық мәдениет құндылықтары туралы білімдерді саналы меңгеруіне тікелей байланысты.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қабдиева С. Ұрпақ тәрбиесіндегі адамгершілік мәселелері. //Бастауыш мектеп, №2, 2005. – 26-29 б.
2. Кон И.С. Психология юношеского возраста – М.: Просвещение, 1979. – 176 с.
3. Мырзахан А. Ел болудың бір жолы – ұлттық тәрбие// «Ана тілі», 20 қазан, 2011 жыл.
4. Қадашева Қ., Асанова У.О., Ашиқбаева Б.Г. Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдістемесі (түркі тілдерінде сөйлейтіндер үшін). – Алматы: «Кантана-пресс», 2012. – 400 б.

ӘОЖ 811.512.122

#### **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ «ҚОҢЫР» ТҮСІНІҢ КӨРІНІСІ**

**Мұхаметқалиева Ақерке Қадылбекқызы**

[jan55555@bk.ru](mailto:jan55555@bk.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Г.Мамаева

Кез-келген ұлттың мәдениетінде түр-түс әлемінің символдық мәні, сол ұлтқа тән ерекшеліктердің көрінісі бар. Басқаша айтқанда, «мәдениеттегі түс» арқылы халық өздерінің эстетикалық көзқарастарын, эмоционалды күйін, моральдық идеяларын білдірді. Біз қоршаған

ортаны, аспан әлемін немесе кез-келген материалдық мәдениетке байланысты мәдени немесе рухани дәстүрлерді, қазақ мәдениеті көрінетін киім-кешек, құрал-жабдықтарды түр-түссіз қабылдай алмаймыз. Онсыз болмыс-бітімі толық болмас еді.

Қазақ тіл білімінде түр-түс атауларын зерттеу Әбдуәли Қайдардан басталады. «Сырға толы түр мен түс» деген еңбегінде әр түске жеке тоқталып, ерекшеліктерін көрсеткен. Сонымен қоса, түр мен түсті таза физикалық құбылыс ретінде қарастырып, жарық сәулесі мен түр-түстің өзара байланысын және оның адамның көру мүшесі – көзбен қабылдану жүйесі айтылған.

Қазақ халқының болмыс-бітімін, тұрмыс-тіршілігін көрсететін, әр қазақтың жанына жақын түстердің бірі – қоңыр түсі. «Қоңыр» атауы – аса бай лексикалық қорымыздың бір бөлшегі. М.Әуезов: «Қоңырмен қосақтасатын сөздер адамның көру, есту сезімі, тәні мен жаны және парасаты үшін мінсіз сабақтастық құрайды. Ол жаймашуақ, мамыражай табиғатқа, хас сұлулар мен сәйгүлік тұлпарлардың ғажайыптығына, күміс көмей әншілер мен музыкалық аспаптардың «құлақтан кіріп бойды алатын-тәтті әндері мен әсем күйлерінің» құдыретіне, нағыз кемеңгерлердің этикалық дарындылығына және көптеген басқа да адамзат баласын тамсандыратын әдемілікке қолданылады. Бірақ бұл сонымен қатар сағым іспеттес мінсіздік. Оған тағзым етуге болады, бірақ оны адам жасаған жоқ, сондықтан оны ұстап тұру пенденің қолынан келмейді. Бұдан қоңырдан кейін ілесетін сөздердің кіршіксіз мұңлы сарыны туындайды. Ұдайы толғандыратын, мәңгі саф мөлдірлігін сақтайтын осы атасөздің «мұң» сөзімен тіркесте жиі қолданылатыны барынша табиғи қалыптасқан құбылыс» деп атап өткен [1].

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» қоңыр түсіне байланысты тура және ауыспалы сөздер тізбегі берілген, мысалы: қоңыр, қоңыр ала, қоңыр аю, қоңыр ән, қоңыр бел, қоңыр дауыс, қоңыр жел, қоңыр жүз, қоңыр көлеңке, қоңыр күз, қоңыр қаз, қоңыр леп, қоңыр салқын, қоңыр тарту, қоңыр үн» [2, 519]. Осы тіркестермен келіп, әртүрлі құбылыстың небір жанға жайлы, құлаққа жағымды, жүрек тебіrentетін нәзік те әсем сәттерді, өмір тіршіліктің жайбарақат күйін сипаттайтын семантикалық өрісімен қазақ дүниетанымында көрініс тапқан.

Қоңыр түс - алдымен, қауіпсіздік, тыныштық, мамыражай тірлік белгісі. Қазақ халқында бұл түс халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігін білдіретін сөз тіркестері бір төбе.

Қоңыр күй – қарапайым, орташа тіршілік.

Қоңыр тірлік – бірқалыпты, қарапайым тіршілік (тұрмыс).

Қоңыр бұйра шай – дәмді қою шай [2, 519].

Қоңыр түс – уақыт, мезгіл, шақ, күн.

Қоңыр кеш – жанға жайлы салқын кеш.

Қоңыр күз – қыркүйек - қазанның басындағы жылы, құрғақ мезгілдің атауы. Күз түсіп, салқындаған соң, күн уақытша қайта жылитын кезең.

Қоңыр самал – жанға жайлы салқын жел.

Қоңыр салқын – суық та, жылы да емес, жанға жайлы [2, 519].

Зерттеуші Н. Аитова: «Қоңыр» өзі қатысты немесе өзін ассоциациялайтын сөздерімен уақыт, кейде объект (аргумент), қатынас ретінде байланысады. «Қоңыр» байланыстарында мына мәндердегі ақпараттарды мазмұндау үшін қызмет етеді: орташа, қарапайым, жұтаң өмір; жанға жайлы оңтүстіктен соққан жел, салқындау жел; жаз соңынан басталатын мезгіл; алыстан қарауытқан биіктік (төбе); сағыныш назды саз; мұңдылау дауыс; мұңды әуен; жай ойнайтын саз; майда күй; жағымды дауыс; момын, жуас адам; тыныш кеш, тыныш орын» деп жан-жақты ашып көрсеткен [3]. Соның бір мағынасы мінезді сипаттайды. Қоңыр – қазақ мінезі. Бұл түс дархандық, тұйық, көркем мінезді, байыптылық, қоңырқай мінезді, сабырлықты суреттейді.

Қойдан қоңыр – жуас, момын.

Қоңыр қабақ – салқын қабақ; кейіс [2, 519].

Айтып өткеніміздей, қоңыр түс халықтың орташа, жайдарлы жағдайын білдіреді. Халық арасында бұл түспен достықты да білдіруге болады.

Ағайынды қоңыр қаз – үнемі жұбын жазбайтын екі адам, тату құрбы [4, 10].

Тек қазақ халқында ғана емес, басқа елдерде де қоңыр түсі маңызды орын алады. Ежелгі египеттіктер бұл түсті ерекше қастерлеген. Біріншіден, олардың өздерінің қоңыр түсті болуына қатысты, екіншіден, топырақтың шарайы, яки египеттіктер үшін байлықтың дидары боп саналған.

Еуропа жұрты әуел баста бұл түсті онша жақтырмаған. Қоңыр түсті киімді тек қана кедейлер киген. Бұл түс – еуропалықтар үшін жердегі балшықтың түсімен байланысты болғандықтан, олар үшін «настықтың», кедейліктің символын білдірген. Алайда Еуропа тарихына буржуазия деп аталатын әлеуметтік топтың келуімен, бұл түске деген көзқарас та өзгереді. Олар қоңыр түсті киім киген, бұның өзіндік сипаты болып, қоңыр түсі енді «өзіне деген сенімділіктің», «тұйықтықтың» символына айналады.

Азия халықтарында да бұл түстің орны бөлек. Мысалы, филиппиндіктердің мына аңызы олардың шығу тегімен байланыстырылады: Құдай саздан өзіне керекті бір мүсін жасап, оны пешке салады екен. Бірінші мүсінді мезгілінен бұрын алады, одан ақ адам пайда болады. Екіншісін ұзақ ұстағандықтан, ол күйіп, қарайып кетеді. Ал үшінші мүсінді пеште қанша уақыт керек, сонша ұстайды. Сол мүсіннен құдай қоңыр адамдарды, яғни филиппиндіктерді жаратыпты.

М.Қашқари сөздігінде қоңырдан жасалған етістік берілген: «Қоңрады — қоңырлады, қоңырқай тартты. Оғлан үні қоңрады — баланың даусы қоңырлады. Баланың даусы балиғатқа жеткенде дауысы өзгерді. Қой қоңрады — қойдың түсі қоңыр болды» [5, 535]. Бұл жерде қойдың түсін емес, жасын айтып тұр. Соған ұқсатудан адамға қаратылып айтылып, баланың белгі бір жасқа жеткенде, оның өзгергенін, яғни даусының қоңырланғанын, жуанданғанын білдіруі керек. Қазақ халқында осы мағынада қоңыр үн, саз, ән, күй деген тіркестер пайда болды. Қоңыр қазақ музыкасының брендіне айналып, құлаққа жағымды, табиғи үн деген мағынаға ауысқан.

Қоңыр саз – бірқалыпты естілетін әуен; үн.

Қоңыр үн – жанға жайлы үн (дауыс) [2, 519].

Қоңыр күй – қазақтағы барлық аталмыш бар күйлер. Ата-бабамыз күй орындамас бұрын, домбыраның құлағын бұрап, пернесін теңшеп барып, шертетін күйі жөнінде айтып, күй баянын таныстырып өткен соң күйді шертуді бастайды. Қазақ халқында «қоңыр» тіресті күйлер молынан кездеседі: «Қоңыр», «Телқоңыр», «Жайқоңыр», «Қоңыр қаз», «Ақсақ қоңыр», т.б.

Ж. Нәжімеденов қазақтың музыкасы туралы еңбегінде кемпіркосақтың жеті түрлі түсін жолаға жабыстырып, айналдырғанда, жеті түс қоңырға айналғандығы жайлы жазған. Яғни, түс композициясынан шығатын барлық түстер қоңыр түсінен шығады, осы түс – абақ таңбасы деп аталатын таңбаның нүктесі, сол нүктеден оның жалпы мәні ашылады.

Ж. Нәжімеденов қоңыр түсінің маңыздылығын ұға отырып, «Қоңыр түс» өлеңінде қоңыр түсінің мән-мағынасын жан-жақты аша түсті:

*Қоңыр шешем қоңыр кешті жамылып,  
көзін сулап, қалып еді қамығып.*

*Қоңыр жолға түсіп едім мен өстіп –  
қоңырқай ой маза берер емес түк.*

*Қоңырайып жатыр алда жол әлі –  
кеудем кейде қоңыр күйге толады.*

*Қоңыр әнмен қазақ бесік тербетіп,  
өргізіпті-ау қоңыр-қоңыр баланы.*

*Қоңыр күпі, қоңыр дала, қоңыр үн...*

*қоңыр күймен өтіп жатыр өмірім.*

*Қоңыр күзде қоңыр шаруа-күйбеңмен*

қоңсы қонған қоңыр қызға үйленгем.  
Қоңыр-қоңыр күй тыңдап ем жасымда –  
шешем қалды қоңыр төбе басында.  
Қоянжонға қоңыр ымырт түскенде  
қоңырайып отырамын үстелге... [6].

Бір өлеңде «қоңыр» сөзін жиырма рет қолданылған. *Өлең жолдарындағы ассоциациялық тіркестер (қоңыр шешем, қоңыр кеш, қоңыр жол, қоңырқай ой, қоңырайған жол, қоңыр ән, қоңыр күні, қоңыр дала, қоңыр күз, қоңыр күй, қоңыр төбе, қоңыр ымырт, қоңырайған отырыс) бой көрсеткен сайын өлеңнің көркемдігі артып, көз алдына қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, жағдайы, мінез-кұлқы, ұлттық-сипаты елестейді. Бұл тіркестерден мамыражай, жайлы күндердің ізін көреміз.*

Ұлттық мәнге ие «қоңыр» түсінің тура емес, ауыспалы, жанама мағынада жұмсалатынын Илияс Жансүгіровтің де шығармашылығынан көреміз. Ақынның:

Күңіренген бәйбіше де қоңыр қазша!  
Бермес пе ед бір шикі өкпе, ие жазса!  
Иіріп жүн-жұрқадан жіңішке жіп,  
Машина қоңыр самал күйін тартты.  
Бір салып атты бұтқа Ақан сері,

Жамылып жүріп берді қоңыр кешті [7,221] деген жолдарындағы қоңыр қазша күңірену, қоңыр самал күй тарту, қоңыр кешу тәрізді жалпыхалықтық фразеологизмдер ақын тілінде өзіндік құрылымын өзгертіп, адамның психологиялық жай-күйін әсерлі етіп беруде талғампаздық танытады. Қоңыр қазша күңірену, қоңыр самал күй тарту, қоңыр кешу сияқты фразеологизмдердің құрамындағы қоңыр түр-түс атауы жай, бос, салқын, бірқалыпты, баяу, жұтаң мағыналарын танытып тұр.

Қоңыр – қасиеттілік, киелелік: Қоңыр Әулие, қасиеттілік, қасиетті жердің түсі, жылқының түсі ретінде елестетіледі, яғни жылқыны қасиетті жануар деп санау.

Қазақ қоңыр аңның киесі атады деп оны атпаған, ерекше қастерлеген, оны кие тұтқан. Қазақ халқы жылқы малын қылаң және баран деп екіге бөліп қарастырған. Сондағы баран түстері – қара, қоңыр көк, жасыл, қызыл, күрең, жирен, торы, сұр, күлгін, құла, шабдар, сары. Баран түстес жылқылар қылаң түстес жылқылардан мықтырақ, шыдамдырақ келеді. Мысалы, Ақан серінің Құлагері баран түстес: «Алдыңғы ат баран болмай, қылаң болды, Жығылмаса Құлагер қайда деймін» [7, 184].

Халқымыздың ұрпақтан ұрпаққа келе жатқан ауызша жеткен төрт түліктің баласын сүюі деген жыр бар:

Қой сүйеді баласын «қоңырым» деп,  
«Ештеңе білмейтін момыным» деп.  
Сиыр сүйеді баласын «торпағым» деп,  
«Қараңғыға баспаған қорқағым» деп.  
Түйе сүйеді баласын «боташым» деп,  
«Жаудыраған көзіңнен, тоташым» деп.  
Жылқы сүйеді баласын «құлыным» деп,  
«Тұлпар болып жүгірер жұрыным» деп.  
Ешкі сүйеді баласын «лағым» деп,  
«Тастан тасқа секірген шұнағым» деп.

Күн көрісі, тұрмыс-тіршілігі төрт түлікке байланысты болғандықтан, адам баласы мал өсіруде шеберлік танытып, олардың өз төлін қалай сүйетінін ұрпаққа өлеңмен жеткізіп отырған. Байқағанымыздай, әр түлік өзінің төлін өз атымен атаған. Ал қой малының қошақан, қозы секілді төлінің атауы болса да, қоңырым деп сүйеді. М. Қашқари өзінің сөздігінде «қон» сөзіне

қой деп анықтама берген екен. Түркі тектес халықтарда, қырғыздарда қоңырды «қонур», өзбектерде «қонгир» деп те атайды. Байқасақ, бұлардың түбірі қон, ал -ыр, -ур жұрнақтары – ун жұрнағының кейінгі өзгерген түрі. Сонда екі морфеманың бірігуінен қоңыр сөзі пайда болған деген пікірдеміз. Осыған байланысты адам баласы да баласын еркелетер кезде ыстық ықыласты, жылылықты білдіру үшін қолданады екен. Мысалы: Бұл – Дінәсіл әжесінің «Қоңыр қозысы» – Мұхтар ғой, – деді Мағауия баланы ертіп келіп.

Қой жуастықтың, байлықтың, қарапайымдылықтың көрінісі болып саналатындықтан, содан пайда болған қоңырдың да беретін мағынасы соған жуық келеді. Қазақтың қоңырым, қоңыр қозым деп еркелетуі, қарапайым тірліктің қоңыр аталуы, қоңыр үннің құлаққа жағымдылығы, қоңыр желдің жылуы — бәрі де қоңырға деген қазақтың ерекше ықыласын білдіреді.

Кейін қой мәніндегі қоңыр мағынасынан басқа да мағыналар туындап жатты. Қой малы көбіне масасы жоқ, желі бар жерлерде жайылғанды жақсы көреді. Өйткені жылқы, сиыр секілді маса-шыбыннан қорғанатын оның құйрығы жоқ. Сонымен қоса, қой малы тегістеу жерге жатпайды, олар төбенің, қырдың басында жатады. Осыған байланысты биік емес, аласа тауларды, жондарды, сол төбелердің басында өсетін өсімдікті қоңыр деп атаған.

Ғалым А.Әбдірахманов қоңыр сөзін монғол тіліндегі хонхор, хонхур (ой, шұңқыр, үңгір, сай, жыра) сөзінің дыбыстық тұрғыдан өзгерген түрі деп қараған. Топонимжасамда қоңыр түсті бұта, қарағаны мол өсетін тау, төбелерді, «шөбі пісіп, сола бастаған» табиғи нысандарды белгілейді. Ауыспалы мағынада малға жайлы қоңыр салқын жон, жота, биіктерді атайды.

Қорытындылай келе, қазақ тіліндегі әр түр-түс атауларының өзіндік ерекшеліктері, аңғаратын мағынасы және атқаратын қызметі бар. Түр-түс атаулары сөздің танымдық, ұлттық, мәдени мағыналарын халықтың дүниетанымымен, көзқарасымен байланысын көрсетіп, оның күші мен құдіретін, әсерлілігі мен әсемдігін танытады. Түр-түстердің бұл қасиетін тілдің ішкі заңдылығына, табиғатына сүйене отырып қарастырғанда, түр-түс атауларының түстік мағынасынан тыс ауыспалы мағынасының өзі бірдей емес екендігін байқадық. Ал «қоңыр» түсі – қазақ халқында ерекше түстердің бірі. Себебі, қазақ дүниетанымында бұл – халықтың тыныс-тіршілігі, тұрмыс-жағдайы, өзін қоршаған әлемі, мамыражай қалыпты мекені, соған лайықты іс-әрекеттер: сезінуі, қабылдауы, ойлауы. Сонымен қатар, «қоңыр» түсінің негізгі түстік мағынасымен қатар символдық мағынасы да біршама екенін байқадық: қазақ мінезі, қарапайымдылық, достық, мамыражай шақ, дауыс, еркелік, тау, төбе. Оларды біз көбіне қазақ халқына тән фразеологизмдерден, топоним мен этнонимдерден жиі кездестіреміз. Тіліміздегі осы байлықтар арқылы табиғаттың бүкіл керемет көрінісін түр-түс арқылы тануға мүмкіншілік алдық. Сондықтан «қоңыр» түсі қазақ халқының тілдік мүмкіншіліктерінің өрісін кеңейтетін сөз өрнегі екеніне күмәніміз жоқ.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. [https://auezov.kz/page.php?page\\_id=223&lang=3](https://auezov.kz/page.php?page_id=223&lang=3)
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі : 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі / - Алматы : Дайк-Пресс, 2008 .
3. Аитова Н-. Қазақ тіліндегі түске байланысты «қара» және «көк» сөздерінің семантикалық сипаты. Тіл тарихы және сөз табиғаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 224 б.
4. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі [Мәтін] : он мыңнан аса фраза қамтылды / І. К. Кеңесбаев,; [жауапты ред.: А. Ысқақов, Қ. Өмірәлиев] ; ҚазССР ғылым академиясы; Тіл білімі институты - Алматы : Ғылым, 1977 . - 711 б.
5. Қашқари М. Түркі тілінің сөздігі (Дивани-лұғат-ат-түрік): III т. шығармалар жин. — Алматы: Хант, 1997.

6. <https://zhumeken.kz/olender/916.html>
7. Жансүгіров І. «Өлеңдер мен поэмалар». Алматы: «Атамұра» 2003 .

ӘОЖ 801

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН «ЕР АДАМҒА» ҚАТЫСТЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

Мұхтарова Фариза Сейдахметқызы  
[farizamm97@gmail.com](mailto:farizamm97@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының докторанты, Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Ж.Түймебаев

Ұлттық болмысты танытатын тілдік бірліктердің бірі тұрақты тіркестер екендігін В.Н. Телия атап көрсетті: «как воплощена в содержание фразеологизмов–идиом и фразеологических сочетаний, определить смысл их культурно-номинальных коннотации, благодаря которым фразеологизмы в процессах их употребления воспроизводят характерологические черты народного менталитета [1, 86].

Ғалымның айтуынша, тілде қолданылатын идиомалар мен фразеологиялық тіркестер мәдени коннотациялық мағынаны өз бойына сіңіреді және оларды қолдану арқылы халықтың ұлттық болмысын көруге болады. Сондықтан фразеологизмдерді қарастыруда «Тіл– Адам– Қоғам– Мәдениет» деп маңызды. Мысалы: қазақ қоғамында ұлттық болмысты, салт-дәстүр мен әдеп-ғұрыпты танытатын фразеологизмдер адаммен байланысты. Жасына, жынысына, әлеуметтік-қоғамдық дәрежесіне қарай сыйлап, құрметтеген. «Аталықтай ақсақал, аналықтай бәйбіше» деп жолын, жасын сыйлаған.

Қазіргі заманда қоғамның дамуы – әлеуметтік-экономикалық дамудан бұрын адам дамуымен байланысты. Адамның санасы, психологиялық деңгейі, ойлауы, көзқарасы, іс-әрекеті мен тілі – көптеген ғылым салалары, атап айтқанда, философия, әлеуметтану, психология, тіпті, тіл білімінің объектісі болып отыр. Сондықтан антропологиялық лингвистиканың бір саласы гендерлік лингвистика қазіргі таңда қарқынды дамып отыр.

Көптеген зерттеулерге сүйене отырып, гендердің тіл біліміне де өз әсерін тигізетінін байқадық. Мысалы, қазақ тіл білімінде амандасу этикеті әр түрлі. Ер адамдар қолын кеудесіне қойып немесе қолын созып «Ассалаумағалайкүм» десе, оған қарсы тұрған адам «Уағалайкүмассалам» адамдаса, әйел адамдар көзін төмен түсіріп, келін болса иіліп сәлем салған немесе «Сәлеметсіз бе?!, Амансыз ба?!» деп қысқа қайырған.

Ер адам мен әйел адамның тілдік ерекшеліктеріне жынысы, жасы, әлеуметтік орны, өмір сүру ортасы, білім деңгейі, отбасындағы, қоғамдағы орны әсер етеді. Мысалы, қазақ қоғамында еркек адам әйелдің алдында жүреді, бірінші сөйлейді, жаңа көріскен адамдармен бірінші амандасады. Бата-тілектерді де көп жағдайда ер адамға тапсырады. Бұл қоғамдағы ер адамның біріншілік деңгейі.

Дүние бейнесіндегі «Еркек» пен «Әйел» концептілеріне ғалым Ж.И. Исаева тоқталады. Ғалымның айтуынша «дүние бейнесін беруде үштік қатынас

«Адам–Тіл–Қоғамды» жыныс категориясы арқылы қарау маңызды, себебі тұлғаның жыныстық ерекшелігі оның өзі өмір сүріп отырған ортамен тығыз байланысты. Осы үлкен үштік қатынастан «Әйел–Еркек» қатынасы туындап, оның өзіне тән тілдік сипаттамасы болады. Мысалы: «ұл-қыз», «әке-шеше», «ата-әже», «қыз-жігіт», «қалыңдық-күйеу жігіт», «келін-күйеу», «келіншек-азамат», «бай-қатын», «құл-күн» деп қоғамдық, әлеуметтік рөлдеріне